

Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 23 сәуірдегі № 130 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 14 мамырда № 4-3-172 тіркелді. Күші жойылды - Махамбет ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 06 ақпандағы № 78 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Махамбет ауданы әкімдігінің 2013.02.06 № 78 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 31-бабының 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына және аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 314 "Махамбет ауданының 2012-2014 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" шешіміне сәйкес, аудандық әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Келесі жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетілсін:
 - 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде;
 - 2) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;
 - 3) қайталап некеге отырмаған Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің зайып (жұбайларына) 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;
 - 4) Ауған соғысының ұрыс-қимылдарына қатысушы әскери қызметшілеріне 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;
 - 5) Ауғанстандағы немесе ұрыс-қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;
 - 6) 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан азаматтарға және 1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысушыларға 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;

7) Бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге 5000 (бес мың) теңге м ө л ш е р і н д е ;

8) он сегіз жасқа толмаған мүгедек балаларға 5000 (бес мың) теңге м ө л ш е р і н д е ;

2. "Махамбет аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (О.Қайрекешова) осы қаулының жүзеге асырылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. А р с т а н о в қ а ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

Ө. Зинуллин